

aceline

КЕСПЕКЕСКІШ

үй кеспесін
дайындауға арналған



Құрметті сатып алушы!

Асeline сауда белгісімен шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар берілген. Қолданбаның сақталуына қамқорлық жасаңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Пайдалануға дайындық

1. Бұйымды үстел үстіне қойып, оны қыспақпен бекітіңіз.
2. Тұтқаны машинаға салыңыз.
3. Өнімді бірінші рет қолданар алдында оны зауыттық майдан сүртіп алыңыз.
4. Білікшені тазалау үшін одан кішкене қамыр бөлігін өткізіңіз, бұл қамырды тамаққа пайдаланбаңыз.

Қамыр дайындау

Пастаны үй жағдайында дайындау үшін Сізге жаңа қамыр керек болады.

6 адамға арналған рецепт:

Қамыр дайындау үшін жұмсақ бидай ұнынан 500 г және 5 жұмыртқа алынады (жұмыртқа орнына минералды суды пайдалануға болады). Паста үшін қамырдың басқа нұсқасы: 250 г жұмсақ сұрыпты және 250 г қатты сұрыпты бидай ұнын араластырыңыз. Тұз қоспаңыз. Ұнды терең ыдысқа салып, ортасынан шұңқыр жасап, оған жұмыртқаны сындырамыз (1-сурет). Шанышқының көмегімен жұмыртқаларды ақырын соғып шық (2-сурет). Қамырды ыдыстан алып, үстіне ұн себілген үстелге қой, содан соң қамырды біркелкі болғанша қолмен иле (3-сурет). Егер қамыр тым қатты немесе үгілмелі болса, аздап жылы су қосыңыз, егер тым жұмсақ болса, ұн қосыңыз. Дұрыс қоюлы қамыр қолға жабыспауы тиіс. Қажет болса, қамырды илеуді жалғастыр, содан соң оны бөліктерге бөл (4-сурет).

1.



2.



3.



4.



Кеспені дайындау

Білікшені реттегіштің көмегімен қамырдың қажетті қалыңдығын таңдаңыз (5-сурет).

Тұтқаны айналдыра отырып, қамыр порциясын білікшеден өткізіңіз (6-сурет).

Қамыр парағын машинадан қайта өткізбес бұрын, оны екіге бүктеп, аздап ұн себіңіз.

Қамырды машинадан 6-8 рет өткізіп, әр жолы екіге бүкте. Қамыр жеткілікті түрде жұмсақ болуы керек. Егер қамыр тым көп болса, оған аздап ұн себіледі (7-сурет).

Қамырды жаюды жалғастырып, реттегіштің көмегімен қалыңдығын азайтып отырыңыз. Нәтижесінде қамырдың жұқа және ұзын парағы пайда болады.

Алынған жұқа қамыр парағын ұзындығы бойынша екіге бөліңіз, сонда кеспе тым ұзын болмайды.

Қамыр парағы 10 минут бойы тұруы керек, содан кейін валикке жабысып қалмас үшін оған аздап ұн себіңіз және кеспенің қажетті енін (2 немесе 6 мм) таңдап кесіңіз.

Керекті кеспе мөлшерін алғанша 7-тармақты қайталаңыз.

Тағамды дайындау алдында кесілген кеспені кең тегіс бетке жайып, кептіріп алыңыз.

Ескерту:

1. Егер қамыр кесілмесе, ол тым жұмсақ болуы мүмкін. Ұнды көп қоспаңыз.
2. Егер қамыр пышақтармен ұсталмаса, онда ол тым қатты болуы мүмкін. Сәл су қосыңыз.

5.



6.



7.



8.



Тазалау

- Қолданылғаннан кейін машинаны және қосымша саптамаларды құрғақ шүберекпен сүрту немесе жұмсақ щеткамен тазалау қажет.
- Кеспекескішті ешқашан сүмен жумаңыз. Машинаның болат бөлшектерінің ылғалды ортамен жанасуы олардың тотығуын тудыруы мүмкін.
- Бұйымның қозғалмалы бөліктерін майлау үшін вазелин майын қолданыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.

- Құрылғы қандай да бір монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы күтімді қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау керек.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юнкан Кайя Индастри энд Трэйд Ко., Лтд. –

Чуансинь тасжолы, Чжэшань кәсіпкерлік және инновациялық паркі, Юнкан қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,

Астана қ., сарыарқа ауданы, сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Қытайда жасалған.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Кепілдік мерзімі: 12 месяцев.

Пайдалану мерзімі: 24 месяца.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

aceline